

**Лебяжі аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 28 сәуірдегі "Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 1/31 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Павлодар облысы Лебяжі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 03 қарашадағы № 3/38 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 қарашада № 4172 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Аққулы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 шілдедегі № 212/43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Аққулы аудандық мәслихатының 19.07.2019 № 212/43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 Қаулысына сәйкес, Лебяжі ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Лебяжі аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 28 сәуірдегі "Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 1/31 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3781 тіркелген, 2014 жылғы 06 мамырдағы "Аққу үні"- "Вести Акку" № 18 газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1–тармағының он жетінші абзацындағы "Халықаралық мүгедектер күніне орай" сөздері "Қазақстан Республикасының Мүгедектер күніне орай" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала және мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*Қ. Жиеналин*

*Қ. Әлтаев*

*Павлодар облысының әкімі*  
*2014 жылғы "07" қараша*

*Қ. Бозымбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК